- Қондырғының электр жабдығын құрастыру IP54 қорғаныш дәрежесіне сәйкес болуы керек.
- Орнату сипаттамалары электр қорегінің қайнарын құрастыру орнында қолданылатын параметрлерге сәйкес екендігіне көз жеткізіңіз.
- Сымның көлденең қимасы электрлі қосылым сызбасында көрсетілген техникалық талаптарға сай келетіндігіне көз жеткізіңіз.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы зауытта қабылдау-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақтары талап етілмейді.



Ескертпе
Егер жабдық пайдалануда болатын болса, қорғау қоршауларын шешіп алуға тиым салынады.



Ескертпе
Пайдаланушы ұйым пайдалану жағдайларында температура 31839 МемСТ бойынша 5.1 кестесінің мәнінен асып кететін орындармен түйісулер кезінде персоналдардың күйіп қалуынан қорғау үшін, шаралар (жылу, оқшаулау, экран, қоршау) қабылдау керек.

Нұсқау

Жылдың қысқы уақыттарында, пайдалануға енгізер алдында тығынын шешу және 5 сағат ішінде қондырғының жерсіндіруін жүргізіу.

1. Қорек көзін қосыңыз.
2. Бірінші дисплей терезесінің көрінуін күтіңіз.
3. CU 352 басқару блогын бастапқы қосу барысында іске қосу шебері негізгі баптаулар бойынша қолданушыны жүргізеді.
4. Әр терезедегі нұсқауларды сақтаңыз.
5. Іске қосу шеберінің жұмысы аяқталғаннан кейін, барлық сорғылардың «Автодан» «Күй» мәзіріне бапталғанына көз жеткізіңіз.
6. «Жұмыс» мәзіріне кіріңіз.
7. «Қалыпт.» жұмыс режимін таңдаңыз және [ок] басыңыз.
8. Енді жұмысқа дайын.


Пайдалануға енгізу жөніндегі қосымша нұсқауларын Қысқаша нұсқаулықта (Quick Guide) келтірілген.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 15. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

Басқару панелі


Басқару шкафының алдыңғы қақпағындағы басқару панелі өзіне дисплей, түймелер жиынтығы және екі жарық индикаторын қосып алады. Басқару панелі қондырғы өндірімділігін қолмен баптауға және бақылауға мүмкіндік береді.



8-сур. Басқару панелі

Айқ.	Сипаты
1	Дисплей
2	Оңға нұсқар
3	Анықтама
4	Жоғары
5	Төмен
6	Қосу
7	Азайту
8	Кері
9	Басында
10	ОК
11	Жұмыстың жарық индикаторы (жасыл)
12	Ақаулықтың жарық индикаторы (қызыл)
13	Жарықтық

11.1 Дисплей



9-сур. Дисплей құрылымы

11.1.1 Мәзір күйі

Мәзір күйі (A) 9-сур. көрсетілген.

Терезе өзіне төрт басты мәзірді енгізеді:

Күй	Жүйе күйінің бейнесі
Жұмыс	Орнатылған мән сияқты жұмыс параметрлерін өзгерту
Авария	Ақаулықты іздеуге арналған авария журналы
Баптау	Баптауларды өзгерту (қосымша – құпия сөз)

11.1.2 Жоғарғы жол

Жоғарғы жол (B) 9-суретте көрсетілген. Суретте келесілер көрінген:

- терезе нөмірі мен атауы (сол жақ)
- таңдалып алынған мәзі (сол жақ)
- дабыл сигналының көрінуі барысында ⊗ символы (оң жақ)
- ескертпе сигналының көрінуі барысында △ символы (оң жақ)
- ↗ таңдалып алынған тіл символы (оң жақ).

11.1.3 Графикалық бейнесі

Графикалық бейне (D) мәзір құрылымындағы жағдайына байланысты күйі, мәні және басқа элементтерін білдіреді.

Бейне барлық жүйені немесе оның бөлігін, сонымен қатар әр түрлі орнату параметрлерін көрсетеді.

11.1.4 Айналымы жөлісі

Егер графикалық бейне элементтерінің тізімі дисплей шекарасынан шығатын болса, айналымы жөлісінің сол жағында ▲ және ▼ символдары көрінеді. Осы символдарын тізім бойымен жоғары және төмен жылжыту үшін қолданыңыз.

11.1.5 Төменгі жол

Төменгі жол (C) күні мен уақытын көрсетеді.

11.2 Түймелер мен жарық индикаторлары

CU 352-дегі белсенді түймелері (8-суреттегі 2-ден 10-ға дейінгі айқ.) жарықтанған.

11.2.1 Оң бағытқа нұсқары (2-айқ.)

Оң бағытқа нұсқары (2-айқ.)

Мәзір құрылымында келесі мәзірге өту үшін, [>] басыңыз. Егер «Баптаулар» мәзірі ерекшеленгенде [>] басатын болсаңыз, «Күйі» мәзіріне өтесіз.

11.2.2 Сол жақта (3-айқ.)

Егер бұл түйме жарықтанатын болса, оны басу барысында белсенді терезеге жататын ойға салу мәтіні көрінеді.

Мәтінді ↵ баса отырып, жабыңыз.

11.2.3 Жоғары және төмен (4 және 5)

Тізім бойымен жоғары және төмен жылжыту үшін, [V] және [^] символдарын қолданыңыз.

Кез-келген мәтін, егер ол мәтіндік терезеде болса, [ok] түймесімен таңдалып алынады.

Егер қандай да бір мәтінді ерекшелеп алып, [^] түймесімен басатын болса, оның астындағы мәтін ерекшеленіп алынады. Егер [v] түймесін басатын болса, оның астындағы мәтін ерекшеленеді.

Егер тізімнің соңғы жолынан [v] басатын болса, бірінші жол ерекшеленеді.

Егер тізімнің бірінші жолынан [^] басатын болса, соңғы жол ерекшеленеді.

11.2.4 Қосу және азайту (6 және 7 айқ.)

Мәндерді арттыру немесе азайту үшін, [+] және [-] қолданыңыз.

Көлемі [ok] басумен белсендіріледі.

11.2.5 Кері (8-айқ.)

Мәзірдегі бір терезеге қайту үшін, ↵ басыңыз.

Егер қандай да бір мәнді өзгерту және ↵ бассаңыз, жаңа көлемі сақталмайды. Қосымша ақпаратын 11.2.7 ОК (10-айқ.) қараңыз.

Егер ↵ басар алдында [ok] басатын болсаңыз, онда көлемі сақталады. Қосымша ақпаратын 11.2.7 ОК (10-айқ.) қараңыз.

11.2.6 Басына (9-айқ.)

«Күйі» мәзіріне өту үшін, ↵ басыңыз.

11.2.7 ОК (10-айқ.)

Бұл түймені енгізу түймесі ретінде қолданыңыз.

Ол сонымен қатар көлемді баптау процесін баптау үшін қолданылады. Көлемі өзгергеннен кейін, белсендіру үшін, [ok] түймесі басу қажет.

11.2.8 Жарық индикаторы (11 және 12-айқ.)

Басқару панелі жасыл және қызыл жарық индикаторымен жабдықталған.

Жасыл жарық индикаторы қондырғының жұмыс уақытында үнемі жанып тұрады және тоқтау функциясын белсендіргеннен кейін жыпылықтайды.

Қызыл жарық индикаторы авариялық немесе ескертпе сигналын бергеннен кейін жанады.

Ақаулығын авариялық тізімі бойынша анықтауға болады.

11.2.9 Жарықтық (13-айқ.)

Терезеде осы түймелер көмегімен жарығын өзгертуге болады:

1. ⊗ басыңыз.
2. Жарығын [+] және [-] көмегімен реттеңіз.

11.2.10 Артқы жарықтық

Егер ешбір түймелер 15 минут бойы басылмай тұрса, артқы көмескі жарық күнгірттенеді, дисплейде «Күйі» мәзірінің бірінші терезесі шығады.

Артқы көмескі жарығын қайта белсендіру үшін, кез-келген түймені басыңыз.

11.3 Функция құрылымы

Функциялар жүйенің құрылымдалымына байланысты болады.



Басты төрт мәзірдің типтік белгілері

Күйі

Атаулы мәзірде авариялар, жүйе күйі және тіркелетін деректері графикалары бейнеленеді.
Ескертпе: Атаулы мәзірде ешқандай баптаулар орындалмайды.

Жұмыс

Атаулы мәзірде орналған мән, жұмыс режимі, басқару режимі және жеке сорғымен басқару сияқты негізгі параметрлерді беруге болады.

Авария

Атаулы мәзір авариялар мен ескертпелер шолуын береді.
Атаулы мәзірде авариялық сигналдар мен ескертпелерді түсіруге болады.

Баптаулар

Атаулы мәзірде әр түрлі функцияларды беруге болады:

- Негізгі контроллер
ПИ-реттегіш, Баламалы орнатылған мән, Орнатылған мәнге сыртқы ықпалы. Негізгі датчик, Тактілі бағдарлама, Пропорционалды қысым, S-қондырғының құрылымдау, Орнатылған мәннің желілік өзгерісі.
- Сорғылармен каскадты басқару
Іске қосу/тоқтау арасындағы мейлінше төмен уақыт, Іске қосу/сағатының мейлінше жоғары саны, Резервті сорғылар саны, Сорғыларды күштеп ауыстыру, Сорғының сынақтық режимі, Сорғыны тоқтату әрекеті, айналым жиілігі (сорғыны қосу және ажыратуы), Мейлінше төмен өндірімділік. Сорғының іске қосу кезеңінің өтемділігі.
- Қосымша функциялар
Тоқтату функциясы, Қысымды бірқалыпты арттыру, Авариялық режимдегі жұмыс, Мейлінше төмен, мейлінше жоғары және қолданушымен анықталатын режим*, Сорғылар сипаттамасының деректері, Басқару қайнары, Кірудегі белгіленген қысым, Шектеулі өндірімділігімен жұмыс.
- Бақылау функциясы
Құрғақ айналымнан қорғау, Мейлінше жоғары қысым, Мейлінше төмен қысым, Сыртқы ақаулық, 1-шенінен шығу, 2-шенінен шығу, Жұмыс диапазонынан тыс жұмыс нүктесі, Қысым түсірілімі, Тіркеу мәні, Ақаулық, Негізгі датчик.
- CU 352 функциясы
Тілдер терезесі, Күні мен уақыт, Құпия сөз, Ethernet, Шина нөмірі, GENIbus, Бағдарламалық қамтамасыз ету күйі.

* Егер IO 351 модулі орнатылған болса.

4. Баптаулар

- 4.1 Негізгі контроллер
 - 4.1.1 ПИ-ретегіш
 - 4.1.2 Баламалы орнатылған мән
 - 4.1.2. 2-7 баламалы орнатылған мән
 - 4.1.3 Орнатылған мәнге сыртқы ықпалы
 - 4.1.3. Ықпал астына кіру көлемі
 - 4.1.3.2 Ықпал ету функциясын бақылау
 - 4.1.4 Негізгі датчик
 - 4.1.6 Тактілі бағдарлама
 - 4.1.7 Пропорционалды қысым
 - 4.1.8 S-қондырғыны құрылымдау
 - 4.1.9 Орн. мән. желілік өзг.
- 4.2 Сорғылармен каскадты басқару
 - 4.2.1 Іске қосу/тоқтау арасындағы м.т. уақыт
 - 4.2.2 Іске қосу/сағатына м.ж. саны
 - 4.2.3 Резервті сорғы
 - 4.2.4 Сорғыны күштеп ауыстыру
 - 4.2.5 Сорғының сынақтық режимі
 - 4.2.7 Сорғыны тоқтату әрекеті
 - 4.2.8 Айналым жиілігі (сорғыны қосу және сөндіру)
 - 4.2.9 М.т. өндірімділік
 - 4.2.10 Сорғының іске қосу өндірімділігінің өтемділігі
- 4.3 Қосымша функциялар
 - 4.3.1 Тоқтату функциясы
 - 4.3.1. Тоқтату параметрі
 - 4.3.3 Қысымды бірқалыпты арттыру
 - 4.3.5 Авариялық режимдегі жұмыс.
 - 4.3.7 Кіру саны
 - Функция, D11 (CU 352) - D13, [10, 12, 14]
 - Функция, D11 (IO 351-41) - D19, [10 - 46]
 - Функция, D11 (IO 351-42) - D19, [10 - 46]
 - 4.3.8 Ұқсас
 - Баптаулар, A11 (CU 352), [51] - A13, [51, 54, 57]
 - Функция, A11 (CU 352) - A13 [51, 54, 57]
 - Баптаулар, A11 (IO 351-41), [57] - A12 [57, 60]
 - Функция, A11 (IO 351-41) - A12 [57, 60]
 - Баптаулар, A11 (IO 351-42), [57] - A12 [57, 60]
 - Функция, A11 (IO 351-42) - A2 [57, 60]
 - 4.3.9 Сандық шығулар
 - DO1 (CU 352), [71] - сигнализация - DO2 [71, 74]
 - DO1 (IO 351-41), [77] - сигнализация - DO7 [77 - 88]
 - DO1 (IO 351-42), [77] - сигнализация - DO7 [77 - 88]
 - 4.3.10 Ұқсас шығулар
 - AO1 (IO 351-41) [18] - AO3 [18, 22]
 - AO1 (IO 351-42) [18] - AO3 [18, 22, 26]
 - 4.3.14 М.т., м.ж. және қолд. анықталатын режим
 - 4.3.14.1 М.т. режим
 - 4.3.14.2 М.т. режим
 - 4.3.14.3 Қолд. анықт. режим беру
 - 4.3.19 Сорғы сип. дер.
 - 4.3.23 Шығынды бағалау
 - 4.3.20 Басқару қайнары
 - 4.3.22 Кірудегі бекітілген қысым
 - 4.3.23 Шығынды бағалау
 - 4.3.24 Шектеулі өндірімділігімен жұмыс
- 4.4 Бақылау функциясы
 - 4.4.1 Құрғақ айналымнан қорғау
 - 4.4.1.1 Қысым/деңгей релесі
 - 4.4.1.2 Кірудегі қысымды өлшеу
 - 4.4.1.3 Бак деңгейін өлшеу
 - 4.4.2 М.т. қысым
 - 4.4.3 М.ж. қысым
 - 4.4.4 Сыртқы ақаулық
 - 4.4.5 1-шегінен шығу
 - 4.4.6 2-шегінен шығу
 - 4.4.7 Жұмыс диапазонынан тыс жұмыс нүктесі
 - 4.4.8 Қысым түсірілімі
 - 4.4.9 Тіркелетін мән
 - 4.4.10 Негізгі датчик ақаулығы
- 4.5 CU 352 функциялары
 - Жұмысқа тілді өзгерту (ағылшын)
 - "Шебердің" қайта іске қосылуын орындау
 - 4.5.1 Тілдер терезесі
 - 4.5.2 Бірліктер
 - 4.5.2.1 Қысым
 - 4.5.2.2 Қысым деңгей айырмасы
 - 4.5.2.3 Тегеурін
 - 4.5.2.4 Деңгей
 - 4.5.2.5 Шығын
 - 4.5.2.6 Көлем
 - 4.5.2.7 Шектік энергияны тұтыну
 - 4.5.2.8 Температура
 - 4.5.2.9 Қуат
 - 4.5.2.10 Энергия
 - 4.5.3 Күні мен уақыты
 - 4.5.4 Құпия сөз
 - 4.5.5 Ethernet
 - 4.5.6 GENbus шинасының нөмірі
 - 4.5.9 Бағдарламалық қамтамасыз ету күйі

11.4 Шолу

Тарау	Терезенің атауы және нөмірі	Бет. қар.
11.6	Күйі (1)	72
11.6.1	Ағымдағы авариялық сигналдары (3.1)	73
11.6.2	Жүйе (1.2)	73
11.6.3	Жұмыс режимі (1.2.1)	74
11.6.4	Орн. мән. (1.2.2)	74
11.6.5	Орнатылған мәнге көлемнің ықпалы (1.2.3)	74
11.6.6	Өлшенген мәндер (1.2.4)	75
11.6.7	Ұқсас кірулер (1.2.5)	75
11.6.8	Тіркейтін график (1.2.6)	75
11.6.9	Аккумулятор күйі (1.2.7)	75
11.6.10	1-6 сорғы, Кезекш. сорғы, Резервті сорғы (1.3 - 1.10)	76
11.7	Жұмыс (2)	76
11.7.1	Жұмыс (2)	76
11.7.2	Жүйе жұмысының режимі (2.1.1)	77
11.7.3	Басқару режимі (2.1.2)	77
11.7.4	Кірудегі белгіл. қысым (2.1.3)	78
11.7.5	Жеке сорғымен басқару (2.1.4)	79
11.7.6	1-6 сорғы (2.1.4.1 - 2.1.4.6)	79
11.7.7	Жұмыс режимі, кезекші сорғы (2.1.4.7)	80
11.7.8	Жұмыс режимі, резервті сорғы (2.1.4.8)	80
11.8	Авария (3)	81
11.8.1	Авариялық күйі (3)	81
11.8.2	Ағымдағы авариялық сигналдар (3.1)	82
11.8.3	Авария журналы (3.2)	82
11.8.4	Ақп, серв. конт (3.3)	82
11.9	Баптаулар (4)	83
11.9.1	Негізгі контроллер (4.1)	83
11.9.2	ПИ-реттегіш (4.1.1)	83
11.9.3	Баламалы орнатылған мән (4.1.2)	84
11.9.4	2-7 баламалы орнатылған мән (4.1.2.1 - 4.1.2.7)	84
11.9.5	Орнатылған мәнге сыртқы ықпал (4.1.3)	84
11.9.6	Ықпал ету функциясын таңдау (4.1.3.2)	85
11.9.7	Негізгі датчик (4.1.4)	85
11.9.8	Тактілі бағдарлама (4.1.6)	86
11.9.9	Пропорционалды қысым (4.1.7)	86
11.9.10	S-қондырғысын құрылымдау (4.1.8)	87
11.9.11	Орн. мән. жел. өзг. (4.1.9)	87
11.9.12	Сорғыларды каскадты басқару (4.2)	87
11.9.13	Іске қосу/тоқтату арасындағы м.т. уақыт (4.2.1)	88
11.9.14	Іске қосу/сағатының м.ж. саны (4.2.1)	88
11.9.15	Резервті сорғылар (4.2.3)	88
11.9.16	Сорғыларды күштеп ауыстыру (4.2.4)	89
11.9.17	Сорғының сынақтық режимі (4.2.5)	89
11.9.18	Сорғыны тоқтату әрекеті (4.2.7)	89
11.9.19	Айналым жиілігі (сорғыны қосу және сөндіру) (4.2.8)	90
11.9.20	М.т. өндірімділік (4.2.9)	90
11.9.21	Сорғыны іске қосу кезеңінің өтемділігі (4.2.10)	90
11.9.22	Қосымша функциялар (4.3)	91
11.9.23	Қосымша функциялар (4.3.1)	91
11.9.24	Қысымды бір қалыпты арттыру (4.3.3)	93

Тарау	Терезенің атауы және нөмірі	Бет. қар.
11.9.25	Авариялық режимдегі жұмыс (4.3.5)	94
11.9.26	Сандық кірулер (4.3.7)	94
11.9.27	Сандық кіру функциясы (4.3.7.1)	94
11.9.28	Ұқсас кірулер (4.3.8)	95
11.9.29	Ұқсас кірулер (4.3.8.1.1 - 4.3.11.9.1)	95
11.9.30	Ұқсас кірулер және мәнді өлшеу (4.3.8.1.1 - 4.3.11.9.1)	96
11.9.31	Сандық шығулар (4.3.9)	96
11.9.32	Сандық шығулар функциясы (4.3.9.1 - 4.3.9.16)	97
11.9.33	Ұқсас шығулар (4.3.10)	97
11.9.34	Шығу сигналы (4.3.10.1 - 4.3.10.3)	97
11.9.35	Қолд. м.т., м.ж. анықт. режим (4.3.14)	98
11.9.36	М.т. режим (4.3.14.1)	98
11.9.37	М.ж. режим (4.3.14.1)	98
11.9.38	Қолдан. анықт. режим (4.3.14.3)	99
11.9.39	Сорғы сипатт. дер. (4.3.19)	99
11.9.40	Басқару қайнары (4.3.20)	100
11.9.41	Кірудегі белгіл. қысым (4.3.22)	100
11.9.42	Шығынды бағалау (4.3.23)	101
11.9.43	Шектеулі өндірімділікпен жұмыс (4.3.24)	101
11.9.44	Бақылау функциясы (4.4)	101
11.9.45	Құрғақ айналымнан қорғау (4.4.1)	102
11.9.46	Қысым/деңгей релесі (4.4.1.1)	102
11.9.47	Кірудегі қысымды өлшеу (4.4.1.2)	102
11.9.48	Бактағы деңгейді өлшеу (4.4.1.3)	103
11.9.49	М.т. қысым (4.4.2)	103
11.9.50	М.ж. қысым (4.4.3)	104
11.9.51	Сыртқы ақаулық (4.4.4)	104
11.9.52	1-шегінен шығу (4.4.5 - 4.4.6)	105
11.9.53	Жұмыс диапазонынан тыс жұм. нүктесі (4.4.7)	105
11.9.54	Қысым түсірілімі (4.4.8)	106
11.9.55	Тіркейтін мән (4.4.9)	106
11.9.56	Ақаулық, негізгі датчик (4.4.10)	106
11.9.57	SU 352 функциялары (4.5)	107
11.9.58	Тілдер терезесі (4.5.1)	107
11.9.59	Бірліктер (4.5.2)	107
11.9.60	Күні мен уақыты (4.5.3)	108
11.9.61	Құпия сөз (4.5.4)	109
11.9.62	Ethernet (4.5.5)	109
11.9.63	GENIbus шинасының нөмірі (4.5.6)	109
11.9.64	Бағдарламалық қамтамасыз ету күйі (4.5.9)	109

11.5 Функциялар сипаттамасы


Функциялар сипаттамасы SU 352 басқару блогының төрт басты мәзіріне негізделген:

- Күйі
- Жұмыс
- Авария
- Баптаулар

Бұл функциялар егер басқалары көрсетілмесе, басқарудың барлық тәсілдеріне жатады.

11.6 Күйі (1)

Күйдің бірінші терезесі төменде келтірілген. Бұл бейне электр энергиясының берілісі барысында шығады, сонымен қатар басқару панеліндегі түймелері 15 минут ішінде қолданылмайды.



10-сур. Күйі

Сипаты

Атаулы режимде ешбір баптаулар орындалмайды.

Нақты мән (өзгермелі реттелетін, PV), әдетте айдау қысымы, таңдалып орнатылған мәнмен (SP) (H) бірге (G) жоғарғы оң жақ бұрышында көрсетілген.

Терезенің жоғарғы жартысында (A) сорғы қондырмасының графикалық сызбасы көрінеді. Таңдалып алынған өлшеу параметрлері датчик символымен және ағымдағы мәнімен көрінеді.

Сорғылар мен сорғы сипаттамасының деректеріндегі қысым өзгерісіндегі MPC-E қондырғыларында дисплейде шығынды бағалау мүмкін болатын диапазон шегінде тұрған шығын мен айналым жиілігі болғанда, анықталатын шығын көрінеді.

≈ : Бұл шығынның есептік мән болып табылатындығын білдіреді.

Нұсқау

Анықталатын шығын өлшенген мәннен ерекшеленуі мүмкін.

Дисплей орнатысында егер келесілер орын алатын болса, сәйкес ақпараттар көрінетін ақпараттық алаң (I) бар:

- Резерв. сорғы үшін шект. режим
- Қысым деңгей айырмасының ықпалы қосулы
- Орнатылған мәнге сырт. ықп. қосулы
- Баламалы орн. мән белсенді
- Төменгі шығын барысында сыртқы ықпалы қос.
- Қысым түсірілімі белсендірілген
- Тактілі бағдарлама белсендірілген
- Ethernet арқылы қашықтықтан басқ.
- GENI (RS-485) арқылы қашықтықтан басқ.
- Өнд-к шект-мен жұмысына шект.
- Шығын төменділігінен тоқтау.

Дисплейдің (B) төменгі бөлігінде мыналар көрінеді:

- егер бар болса, соңғы ағымдағы авариялық сигнал, шаршы жақшада ақаулық кодымен бірге ақаулық себебі;
- ағымдағы жұмыс режимі мен басқару көзімен жүйе күйі;
- ағымдағы жұмыс режимімен сорғы күйі.

Нұсқау

(C) жолында ақаулық көрінуі барысында ескертпе символы \triangle мен себебімен және мысалы «Қызып кету» (64) ақаулық кодымен бірге \otimes авария символы көрінеді.

Егер ақаулық бір сорғымен байланысты болса, атаулы сорғының (D) күйі жолының басында \otimes немесе \triangle символы көрінеді.

Бір уақытта сорғы күйі (E) символы төменгі кестеде сипатталымына сәйкес сары немесе қызыл түске ауыстыру. \triangle немесе \otimes символы дисплейдің (F) жоғарғы жолының оң жағынан көрінеді. Ақаулық жоғалып кетпейінше, бұл символ барлық көрінетін терезелердің жоғарғы жолында тұратын болады.


Мәзір жолын ашу үшін, жолды [v] немесе [Λ] түймелерімен ерекшелеп алыңыз және [ok] басыңыз.

Атаулы дисплей арқылы мыналарды көрсететін күйінің терезесін ашуға болады:

- ағымдағы авариялық сигналы;
- күй жүйесі;
- әр сорғының күйі.

Сорғы күйін сипаттау


Сорғы күйінің индикаторы	Сипаты
Айналады, жасыл	Сорғы жұмыс істейді.
Үнемі жасыл жанып тұрады	Сорғы жұмысқа дайын (жұмыс істемейді).
Айналады, сары	Ескертпе. Сорғы жұмыс істейді.
Үнемі сары жанып тұрады	Ескертпе. Сорғы жұмыс істейді (жұмыс істемейді).
Үнемі қызыл жанып тұрады	Авариялық сигнал. Сорғының тоқтатылымы.

11.6.1 Ағымдағы авариялық сигналдар (3.1)

11-сур. Ағымдағы авариялық сигнал

Сипаты

Атаулы терезеде барлық белсенді ескертпелер мен жүйенің авариялық сигналдары көрінеді. Нақтырақ, 11.8.1 Ағымдағы авариялық сигналдар (3.1) және 11.8.3 Авариялар журналы (3.2) тарауынан қар.

11.6.2 Жүйе (1.2)

12-сур. Жүйе

Сипаты


Атаулы терезеде қондырғының ағымдағы жұмыс күйі көрінеді. Қосымша ақпарат алу үшін, қосымша терезелерге баруға болады.

Дисплей арқылы мыналар көрінетін терезені ашуға болады:

- Жұмыс режимі;
- Орн. мән;
- Орн. мәнге ықпал көлемі;
- Өлшенген мәндер;
- Ұқсас кірулер

- Тіркелетін график
- Аккумулятор күйі

11.6.3 Жұмыс режимі (1.2.1)



13-сур. Жұмыс режимі

Сипаты

Атаулы терезеде қондырғының жұмыс режимі, сонымен қатар басқару қайнары бейнеленеді.

Жұмыс режимі

Қондырғы алты жұмыс режиміне ие:

1. Қалыпт.
 - Сорғылар өзінің өндірімділігін тұтынуына сәйкес реттейді.
2. М.ж.
 - Сорғы айналымның тұрақты жоғарғы жиілігімен жұмыс істейді. Ережеге сай барлық сорғылар мейлінше жоғары айналым жиілігімен жұмыс істейді.
3. Қолдан-н анықт.
 - Сорғылар қолданушы орнатқан тұрақты айналым жиілігімен жұмыс істейді. Ережеге сай, бұл өндірімділік «М.ж.» және «М.т» аралығында.
4. М.т.
 - Сорғы тұрақты төмен айналым жиілігімен жұмыс істейді. Ережеге сай, бір сорғы 70 % айналым жиілігімен жұмыс істейді.
5. Тоқтату
 - Барлық сорғылар тоқтатылған
6. Авариялық режимде жұмыс істеу.
 - Авариялық режимдегі жұмыс (4.3.5) терезесінде орнатылған мәніне сәйкес жұмыс істейді.

Атаулы жұмыс режиміне қажетті өндірімділік «Баптаулар» мәзірінде орнатыла алады.

- М.ж.
- М.т.
- Қолд-н анықт.
- Авариялық режимдегі жұмыс.

11.9.35 М.т., м.ж. және қолд-н анықт. режимдер (4.3.14) және 11.9.25 Авариялық режимдегі жұмыс (4.3.5) тарауын қар.

Жұмыстың ағымдағы режимін төрт әр түрлі қайнарларынан реттеуге болады:


- ақаулық;
- сыртқы сигнал;
- CU 352;
- шина.

Басқару қайнары

Қондырғыны байланыстың сыртқы шинасы арқылы (опциясы) қашықтықтан басқаруға баптауға болады. Бұл жағдайда орнатылған мән мен жұмыс режимі шина арқылы берілуі керек. «Баптаулар» мәзірінде басқару көзі ретінде CU 352 немесе сыртқы байланыс шинасын таңдауға болады.

Атаулы баптаудың күйі «Жұмыс режимі» терезесінде көрінеді.

11.6.4 Орнатылған мән (1.2.2)



14-сур. Орнатылған мән


Сипаты

Атаулы терезеде таңдалып алынып орнатылған мән және оның қайда орнатылғаны шығады: CU 352 немесе сыртқы байланыс шинасы.

Терезе сонымен қатар CU 352-ден (тұйықталған және ажыратылған контур қағидаты бойынша басқару үшін) мүмкін болатын жеті орнатылған мәнің барлығын көрсетеді. Бір уақытта таңдалып алынып, орнатылған мән көрінеді. Бұл – күй терезесі, онда баптаулар орындауға болмайды.

Орнатылған мәнде «Жұмыс» немесе «Баптаулар» мәзірінен ауыстыруға болады. 11.9.3 Баламалы орнатылған мән (4.1.2) немесе 11.7.4 Кірудегі белгіл. қысым (2.1.3) тарауын қар.

11.6.5 Орнат. мәнге ықпал көлемі (1.2.3)



15-сур. Орн. мәнге ықпал көлемі

Сипаты

Таңдап алынып орнатылған мәнге параметрлер ықпал етуі мүмкін. Параметрлер 0-ден 100 % дейін пайыздарда немесе барда өлшенген қысым сияқты кескінделеді. Олар тек 100-ге бөлінген ықпалы пайыздарда болғандықтан, орнатылған мәнді азайта алады, орнатылған мәнге көбейтіледі:

Нақты орнатылған мән (SP) = ықпалы (1) × ықпалы (2) × ... таңдалып алынып, орнатылған мән.

Терезе таңдалып алынып, орнатылған мәнге ықпал ететін параметрлерді және пайыздардағы түзету көлемін (ықпалын) көрсетеді.

Кейбір параметрлер Орнатылған мәнге сыртқы ықпал (4.1.3) терезесінде орнатылады. «Төмен берілісті арттыру» параметрі Тоқтату функциясы (4.3.1) терезесінде орнатылған мән түріндегі пайыздарда іске қосылу/тоқтату облысы ретінде орнатылады. Параметр пайыздарда Пропорционалды қысым (4.1.7) терезесінде беріледі.

Соңғымен алынған нақты орнатылған мән (SP) көрінеді.

11.6.6 Өлшенген мәндер (1.2.4)

Состояние	Работа	Авария	Настройки
1.2.4 - Измеренные значения			
Текущие параметры управления (PU)			
Давление нагнетания	5.0 бар		
Другие измерен. или вычислен. значения			
Давление нагнетания	5.0 бар		
Расход	20.30 м³/час		
Потребл. мощность	-- кВт		
Энергопотребление	702 кВт·ч		
Удельн. энергопотр., факт	0.000 кВт·ч/м³		
Удельн. энергопотр., средн	0.585 кВт·ч/м³		
Общий объем	1200 м³		
Для сброса накопл. знач-й нажмите [ок].			

16-сур. Өлшенген мәндер

Сипаты

Терезе барлық өлшенген және есептелген параметрлердің жалпы күйін көрсетеді. MPC-E қондырғыларында шығын өлшегішімен шекті энергия орташа көлем мен нақты көлем (соңғы минутына орташа көрсеткіш) ретінде көрінеді. Орташа мәні жалпы көлемінен сомалық шығын негізінде анықталады.

Жалпы ауқымының және шекті энергияның орташа мәні атаулы терезеде түсіріле алады.

Нұсқау

«Қуатты тұтыну» және «Энергияны тұтыну» жолдары MPC -E/-EF жүйелерінде ғана көрінеді.

11.6.7 Ұқсас кірулер (1.2.5)


Состояние	Работа	Авария	Настройки
1.2.5 - Аналоговые входы			
Аналог. Входы и измерен. значение			
AI1 (CU352), [51] (Давление нагнетания)	5.0 бар		
AI2 (CU352), [54] (Расход 1)	20.3 м³/час		
AI3 (CU352), [57] (Не используется)	--		
AI1 (I0351-41), [57] (Не используется)	--		
AI2 (I0351-41), [60] (Не используется)	--		

17-сур. Ұқсас кірулер

Сипаты

Атаулы терезеде әр кіру үшін ұқсас кірулер мен өлшенген мәндер шолуы беріледі. 11.9.28 Ұқсас кірулер (4.3.8), 11.9.29 Ұқсас кірулер (4.3.8.1 - 4.3.8.7) және 11.9.30 Ұқсас кірулер және өлш. мәндер (4.3.8.1.1 - 4.3.11.9.1) тарауын қар.

11.6.8 Тіркелетін график (1.2.6)



18-сур. Тіркейтін график

Сипаты

Атаулы терезеде басқару шкафында сақталған тіркелетін деректер көрінеді.

Тіркейтін мәндер (4.4.9) терезесінен тіркеу көлемін таңдаңыз. Мұнда әр түрлі көлем көрінетін болады. Сонымен қатар мұнда уақытша шкаланы өзгертуге болады.

Басқару панелі арқылы баптау

Күйі > Жүйе > Тіркейтін график

- Пайыздағы мәнін беріңіз
 - барысында масшт. өзг. басы:
 - барысында масшт. өзг. соңы:

- Таңдауға мәнді таңдаңыз.

11.6.9 Аккумулятор күйі (1.2.7)


Состояние	Работа	Авария	Настройки
1.2.7 - Сост.аккумулят.			
Сост.аккумулят.	[OK]		
Источник питания	Батарея		
Напряжение аккумулятора	24.00В		

19-сур. Аккумулятор күйі

Сипаты

Мұнда резервті батарея күйі көрінеді (егер ол орнатылған болса).

11.7.2 Жүйенің жұмыс режимі (2.1.1)



22-сур. Жүйенің жұмыс режимі.

Сипаты

Қондырғыны алты әр түрлі режимдерге баптауға болады. «Қалыпт.» – бұл стандартты баптау.

11.6.3 Жұмыс режимі (1.2.1) тарауын қар.

Атаулы жұмыс режимі үшін қажетті өндірімділік атаулы мәзірде орнатылуы мүмкін:

- М.ж.
- М.т.
- Қолд-мен анықталатын
- Авариялық жағд.

Баптаулар диапазоны

- Қалыпт.
- М.ж.
- М.т.
- Қолд-мен анықталатын
- Тоқтату.
- Авариялық жағд.

Басқару панелі арқылы баптау


- Жұмыс > Қосымша баптаулар > Жүйенің жұмыс режимі > Жұмыс режимі.

Қолданушымен мейлінше төмен, мейлінше жоғары және анықталатын режимде немесе авариялық режимдегі жұмыс уақытында өндірімділікті беру үшін, терезенің төменгі жағындағы қажетті жолды таңдап алыңыз. 11.9.35 Қолданушымен м.т., м.ж. және анықталатын режим (4.3.14) және 11.9.25 Авариялық режимдегі жұмыс (4.3.5) тарауын қар.

Зауыттық баптаулар

Қалыпт.

11.7.3 Басқару режимі (2.1.2)




23-сур. Басқару режимі

Сипаты

Екі басқару режимі мүмкін, ал атап айтқанда: тұйықталған және ажыратылған контур қағидаты бойынша.


Тұйықт. конт.

Басқарудың типтік режимі – бұл жүйенің таңдалып алынған мәніне жететіндігін және оны қолдайтын болатындығына ПИ-реттегіш кепілдік ететін тұйықт. контурға бойынша басқару. Өндірімділік тұйықт. контурға беріліп, орнатылған мәнге негізделеді. 24 және 25 сур. қараңыз.



TM03 2231 3905

24-сур. ПИ-реттегішпен реттелетін қондырғы (тұйықталған контур)



TM03 2390 4105

25-сур. Тұйық контурға арналған реттеу сипаттамалары

Басқару панелі арқылы баптау

- Жұмыс > Қосымша баптау > Басқару режимі > Тұйықт. кон. Орнатылған мәнді беріңіз. 11.7.4 және 11.7.1 тарауларын қар.


Ажыратылған контур

Ажыратылған контур қағидаты бойынша басқару барысында сорғы бекітілген айналым жиілігімен жұмыс істейді.

Айналым жиілігі қолданушымен орнатылған өндірімділігінен есептеліп шағырылады (0-100 %).


Сорғының өндірімділігі пайыздарда шығынға пропорционалды болады.

Ажыратылған контур типі бойынша басқару әдетте жүйе өндірімділіктің сыртқы сигнал арқылы реттелетін сыртқы контроллерімен басқарылғанда қолданылады. Осындай сыртқы сигналдарға MPC қондырғысына қосылған имараттың инженерлік жүйесі мысал болады. Мұндай жағдайларда MPC басқарылатын құрылғының роліне жол береді. 26 және 27 сур. қараңыз.




TM03 2232 3905


26-сур. Сыртқы контроллерімен қысымды арттыруды орнату (ажыратылған контур)




27-сур. Ажыратылған контурға арналған реттеу сипаттамасы



28-сур. MPC-E арналған реттеу сипаттамасы ажыратылған контурда



29-сур. MPC-F арналған реттеу сипаттамасы ажыратылған контурда



30-сур. MPC-S арналған реттеу сипаттамасы ажыратылған контурда

Баптау диапазоны

Ажыратылған контурға келесі баптаулар қолданбалы орнатылады:

- Ажыр. контур
- 1-мән, ажыр контур
- Орнатылған мәнге сыртқы ықпалы
- Қалыпт.

Басқару панелі арқылы баптау

Ажыратылған контурға келесі баптаулар қолданбалы орнатылады:

Басқару жүйесінің сыртқы қайнарын баптау үшін келесіні орындаңыз:

- Жұмыс > Қосымша баптаулар > Басқару режимі.
 - Таңдаңыз: Ажыр. контур.
 - Таңдаңыз: Тоқтату.
1. ⏪ × 2.
 2. 100 % орнатылған мән: 1-мәнін беру, ажыр контур.
 3. Баптаулар > Негізгі контроллер > Орн. мәнге сыртқы ықпал > Ұқсас кіру баптауларына өту.
 4. Ұқсас кіру және диапазонды таңдап алыңыз.
 5. Таңдаңыз:
 - Өлшенген кіру мәндері.
 - 4.3.8.1.1 терезесі көрінеді.
 - Таңдаңыз: 0-100 % сигналы.
 6. ⏪.
 7. Датчик үшін мейлінше төмен және мейлінше жоғары мәнді орнатыңыз.
 8. ⏪ × 2.
 9. Таңдаңыз:
 - Ықпал астында кіру ауқымы.
 - 0-100 % сигналы.
 10. ⏪.
 11. Таңдаңыз: Ықпал ету функциясын беру. (сонымен қатар 11.9.6 тарауын қар.).
 12. Нүктелер санын беріңіз.
 13. Беріңіз: Сыртқы кіру мәнін (1-нүкте).
 14. Пайыздардағы мәнді беріңіз: дейін орнатылған мәнді азайту (1-нүкте).
 15. Барлық таңдалып алынған нүктелер үшін 13 және 14 бөлімдерді қайталаңыз.
 16. ⏪.
 17. Секунд тәрізді беріңіз: Сүзгінің конст. уақыты.
 18. Таңдаңыз: Белсендірілген.
 19. ⏪ × 2.
 20. Таңдаңыз:
 - Жұмыс
 - Қалыпты.

Енді қысымды арттыру қондырғысы сыртқы контроллермен реттеледі.

Зауыттық баптаулар

Тұйықталған контур қағидаты бойынша басқару.

11.7.4 Балаламыл орнатылған мән (2.1.3)

Состояние	Работа	Авария	Настройка
2.1.3 - Альтерн. установка значения			
Задать устав. значения.			
Замкн. контур			
Устав. знач-е 1			5.0 бар
Устав. знач-е 2			3.3 бар
Устав. знач-е 3			3.5 бар
Устав. знач-е 4			3.8 бар
Устав. знач-е 5			4.0 бар
Устав. знач-е 6			4.3 бар
Устав. знач-е 7			4.5 бар
Разом. контур			
Устав. знач-е 1			10%
Устав. знач-е 2			20%
Устав. знач-е 3			30%
Устав. знач-е 4			40%
Устав. знач-е 5			50%
Устав. знач-е 6			60%
Устав. знач-е 7			70%

31-сур. Баламалы орнатылған мән

Сипаты

1-орнатылған мәнен өзге («Жұмыс» мәзірінде 2-терезеде көрінеді) тұйықталған контур қағидаты бойынша басқаруға

арналған алты баламалы орнатылған мәнді беруге болады. Бұдан өзге ажыратылған контур қағидаты бойынша басқаруға арналған жеті орнатылған мәнді де беруге болады.

Сыртқы түйісулер көмегімен баламалы орнатылған мәндердің бірін белсендіруге болады.

11.9.3 Баламалы орнатылған мән (4.1.2) және 11.9.4 2-7 Баламалы орнатылған мән (4.1.2.1 - 4.1.2.7).

Баптаулар диапазоны

Тұйықталған контур қағидаты бойынша басқаруға арналып орнатылған мән баптауларының диапазоны негізгі датчик диапазонын байланысты болады. 11.9.7 Негізгі датчик (4.1.4).

Ажыратылған контур қағидаты бойынша басқару барысында баптаулар диапазоны 0-100 % құрайды.

Басқару панелі арқылы баптау

• Жұмыс > Қосымша баптаулар > Баламалы орн. мән.

Баламалы орнатылған мән.

Зауыттық баптаулар

Тұйықталған контур қағидаты бойынша басқаруға арналған 1-орнатылған мән - бұл белгілі бір қондырғыға келетін мән.

Тұйықталған контур қағидаты бойынша басқаруға арналған басқа орнатылған мән - 3 бар.

Ажыратылған контур қағидаты бойынша басқаруға арналған барлық орнатылған мән 70% құрайды.

11.7.5 Жеке сорғымен басқару (2.1.4)



32-сур. Жеке сорғылармен басқару

Сипаты

Жұмыс режимін өзгертуге және автоматтыдан бір қолмен жұмыс режиміне өтуге болады.

Авто

Сорғылар жүйенің талап етілген өндірімділігін қамтамасыз ететін ПИ-реттегішімен басқарылады.

Қолмен

Сорғылар Пи-реттегішімен басқарылмайды, ал келесі жұмыс режимдерінің біріне бапталған.

- М.ж.
 - Сорғы мейлінше жоғары орнатылған айналым жиілігімен жұмыс істейді. (Атаулы режимді тек жиілікті-реттегіш сорғыларға ғана таңдауға болады).
- Қалыпт.
 - Сорғы орнатылған айналым жиілігімен жұмыс істейді.
- М.т.
 - Сорғы мейлінше төмен орнатылған айналым жиілігімен жұмыс істейді. (Атаулы режимді тек жиілікті-реттегіш сорғыларға ғана таңдауға болады).
- Тоқтау
 - Сорғы күштеп тоқтатылды.

Қолмен жұмыс режимінде сорғылар сорғылармен әдеттегі каскадты басқару немесе айналымның реттеу жиілігі түспейді. Қолмен режиміндегі сорғылар қондырғының қалыпты жұмысына «кедергі келтіреді».

Егер бір немесе бірнеше сорғылар - жұмыстың қол режимінде жүйе берілген өндірімділікке жетпейді. Бірінші терезеде баптауға арналған сорғыны таңдауға болмайды, келесі терезеде жұмыс режимін таңдап алуға болады.


Баптау диапазоны

Барлық сорғыларды таңдап алуға болады.

Басқару панелі арқылы баптау

• Жұмыс > Қосымша баптаулар > Жеке сорғылармен басқару.

11.7.6 1 - 6- сорғы (2.1.4. 1-2.1.4. 6)



33-сур. 1-6 сорғы

Сипаты

Бұл терезе жеке сорғыларда көрінеді және жұмыс режимін баптауға мүмкіндік береді.

Баптаулар диапазоны

«Авто» немесе «Қолмен» жұмыс режимін болады, сонымен қатар «М.ж.», «Қалыпты», «М.т» немесе «Тоқтау» қол режимінде сорғы жұмысының режимін таңдап алуға болады. Жиілікті түрлендіргішсіз сорғылар үшін тек «Қалыпты» немесе «Тоқтау» таңдауға болады.

Басқару панелі арқылы баптау


▪ Жұмыс > Қосымша баптаулар > Сорғыларды басқару.

1. Сорғыны таңдаңыз.
2. Түсірілімін таңдаңыз: Авто/Қолмен.
3. Қолм.: Жұмыс режимін таңдаңыз.
Қалыпт.: Орнатылған мәнді беріңіз.

Зауыттық баптаулар

Авто.

11.7.7 Жұмыс режимі, кезекші сорғы (2.1.4.7)



34-сур. Жұмыс режимі, кезекші сорғы

Сипаты

Атаулы терезе кезекші сорғымен жабдықталған қондырғылар үшін ғана көрінеді.

Кезекші сорғының жұмыс режимі мен орнатылған мәнін беруге болады.

Баптаулар диапазоны**• Авто**

Жетекші сорғыны резервті ретінде таңдап алуға болады. Егер жетекші сорғы резервті ретінде таңдалып алынатын болса, негізгі сорғылар 100 % жұмыс істеген уақытта ол іске қосылады, алайда орнатылған мәнге қол жеткізе алмайды немесе қолдай алмайды.

Жетекші сорғының орнатылған мәні не негізгі сорғылардың көлеміне тең көлем ретінде («Жүйе. орн. мән. орынд»), немесе басқа көлем ретінде беріле алады.

• Қолм

М.ж., Қалыпт., М.т., Тоқтату.

Басқару панелі арқылы баптау

- Жұмыс > Қосымша баптаулар > Сорғыларды басқару > Кезекші сорғы

Түсірілімін таңдаңыз: Авто / Қолм.

• Авто

- Сонымен қатар сорғы резервті ретінде қолданылатындығын таңдауға болады (егер қондырғы резервті сорғымен жабдықталмаған жағдайда ғана мүмкін болады).
- «Жүйе. орн. мән. орынд» таңдаңыз немесе орнатылған мәнді енгізіңіз.

• Қолм.


- Жұмыс режимін таңдаңыз
- Қалыпт.: Орнатылған мәнді беріңіз..

Зауыттық баптаулар

Авто

Жүйе. орн. мән. орынд.

11.7.8 Жұмыс режимі, резервті сорғы (2.1.4.8)



35-сур. Жұмыс режимі, резервті сорғы

Сипаты

Атаулы терезе резервті сорғыларымен жабдықталған қондырғылар үшін ғана кескінделеді.

Жұмыс режимін, іске қосылым кешігуін және сорғы мәнінің сәндірілімін беруге болады.

Атаулы функция қысым арттыру саласындағы қолданылым үшін ғана қолжетімді.

Баптаулар диапазоны**Авто**

Іске қосу кешігуін беруге болады. Егер негізгі сорғылары 100 % айналым жиілігімен жұмыс істесе және орнатылған мәнін қолдамаса, іске қосу кешігуі баптауынан кейін резервті сорғы іске қосылады.

Резервті сорғы үшін, тоқтаудың екі параметрін таңдап алуға болады:

- Қысым, мән. м.ж. шегі.
 - Егер қысым берілген шектеуінен асатын болса, резервті сорғы тоқтатылады.
- Негізгі сор. тоқт. саны.
 - Негізгі сорғылардың берілген санын тоқтату жағдайында резервті сорғы тоқтатылатын болады.

Қолм.

М.ж., М.т., Қалыпт. Тоқт.

Басқару панелі арқылы баптау

- Жұмыс > Жеке сорғыны басқару

- Резервті сорғыны таңдаңыз.
- Таңдаңыз: Авто / Қолм.

Авто

- Беріңіз:
 - Іске қосу кешігуі.
 - Тоқтау талапт.

Қолм.

- Жұмыс режимін таңдаңыз.
- Тоқтау талаптары.

Зауыттық баптаулар

Іске қосу кешігуі (авто): 2 минут


Тоқтау мәні: 5 бар.

11.8 Авария (3)

Атаулы мәзір авариялар мен ескертпелерді береді.

Авариялық сигнал түсіру мүмкіндігі бар.

11.8.1 Авариялық күйі (3)



36-сур. Авариялық күйі

Сипаты

Қондырғыдағы немесе бақылаудағы компоненттердің бірінің ақаулығы авариялық сигнал ⊗ немесе ескертпе ⚠ тудыруға болады. Авария барысында сигналды релемен техникалық ақаулық және қызыл жарық индикаторымен CU 352 берілетін техникалық ақаулық туралы сигналы көрінеді, сонымен қатар жұмыс режимі өзгереді, мысалы, «Қалыпт.» режимі «Тоқтату» режиміне өзгереді. Ескертпе барысында ақаулықтың техникалық индикациясы көрінеді.


Кесте ақаулықтың мүмкін болатын себептерін, авария кодын, сонымен қатар техникалық ақаулар сигнал немесе ескертпені туындататынын көрсетеді. Мұнда сонымен қатар жүйе авария жағдайында қандай режимге өтетіндігін және жүйенің қайта жүктелімі қандай болатындығы мен авариялық сигнал түсірілімі көрінеді: қолмен немесе авариялық.

Кесте сонымен қатар ақаулықтардың кейбір тізімделген себептерін жою бойынша жауапты әрекетін «Баптаулар» тарауынан беруге болады.

11.9.24 Қысымды бір қалыпты арттыру (4.3.3) және 11.9.54 Қысым түсірілімі (4.4.8) бойынша 11.9.44 Бақылау функциясы (4.4) тарауын қар.

Ақаулық	Ескертпе(⊗) Авариялық сигнал(⚠)	Жұмыс режимін өзгерту	Жұмыс режимін өзгерту Авариялық сигнал түсірілімі Қайта іске қосу	«Баптаулар» мәзірі беріледі.	Код авария
Су жетімсіздігі	⚠		Қолм./авто	×	206
Су жетімсіздігі	⊗	Тоқтау	Қолм./авто	×	214
Жоғары қысым	⊗	Тоқтау	Қолм./авто	×	210
Төменгі қысым	⚠		Қолм./авто		211
	⊗	Тоқтау	Қолм./авто	×	
Қысым түсірілімі	⚠		Авто	×	219
Alarm, all pumps (Авария, барлық сорғылар)	⊗	Тоқтау	Авто		203
External fault (Сыртқы авария)	⚠		Қолм./авто		3
	⊗	Тоқтау	Ручн./ авто	×	
Әрқелкі сигналдар	⚠		Авто		204
Негізгі сорғы ақаулығы	⚠	Тоқтау	Авто		89
Датчиктің істен шығуы	⚠		Авто		88
Байланыс үзілуі	⚠		Авто		10
Фаза ақаулығы	⚠		Авто		2
Кернеу төмендеуі, сорғы	⚠		Авто		7, 40, 72, 43
Кернеудің кенет көтерілуі	⚠		Авто		32
Сорғының қайта жүктелімі	⚠		Авто		48, 50, 51, 54
Қозғалтқыштың қызып кетуі	⚠		Авто		64, 65, 67, 70
Басқа ақаулық, сорғы	⚠		Авто		76, 83
Ішкі ақаулық, IO 352	⚠		Авто		83, 157
Ішкі ақаулық, IO 351	⊗	Тоқтау	Авто		72, 83, 157
Жилікті реттегіш жетек дайын емес	⚠		Авто		213
Ethernet локальді желінің ақаулығы	⚠		Авто		231, 232
1-шегіне шығу	⚠⊗		Қолм./авто	×	190
2-шегіне шығу	⚠⊗		Қолм./авто	×	191
Қысымды арттыру қатесі	⚠⊗		Қолм./авто		215
Сорғының жұмыс нүктесінің жұмыс диапазонының шегінен шығуы	⚠		Қолм./авто	×	208
Сорғыны басқарудың ақаулығы	⚠		Авто	×	216

11.8.2 Ағымдағы авариялық сигналдар (3.1)



37-сур. Ағымдағы авариялық сигналы

Сипаты

Атаулы мәзірасты көрсетеді:

- Ақаулықтарымен туындап, әлі жойылмаған ескертпе сигналдары ▲.
- Ақаулықтарымен туындап, жойылған ескертпе сигналдары ▲, алайда ескертпе сигналдарын қолмен түсіру керек.
- Ақаулықтарымен туындап, жойылмаған авариялық сигналдары ⊗.
- Ақаулықтарымен туындап, жойылған ескертпе сигналдары ⊗, алайда авария сигналдарын қолмен түсіру талап етіледі.

Автоматты түсірілімімен барлық ескертпелер және авариялық сигналдары ақаулықтары жойылғаннан кейін, бірден автоматты түрде жойылады.

Авариялық сигналдарын қолмен түсіру (ок) түймесінің көмегімен атаулы дисплей терезесінде орындалады. Авария синалы ақаулық жойылғанша, түсіріле алмайды.


Әрбір ескертпе немесе авариялық сигналды барысында келесілер көрінеді:

- Символ: ескертпе ▲ немесе авариялық сигнал ⊗.
- Ақаулықтың туындау орны. Жүйе, 1-сорғы, 2-сорғы, ...
- Кіру деректерімен байланысты ақаулықтар барысында кіру сигналды көрінеді.
- Ақаулықтар, сонымен қатар жақшадағы авария коды, мысалы, «судың жетімсіздігі (214)» себебі.
- Ақаулық қашан туындады: Күні және уақыты.
- Ақаулық қашан жойылды: Күні мен уақыты.
Егер ақаулық жойылмаса, күні мен уақыты белгіленген -- ...--

Соңғы ескертпе/авариялық сигналдар терезенің жоғарғы жағында көрінеді.

11.8.3 Авариялар журналы (3.2)

Авария журналында 24-ке дейінгі ескертпелер мен аварияларды сақтауға болады.



38-сур. Авариялар журналы

Сипаты


Мұнда ескертпелер мен авариялар сигналды көрінеді.

Әрбір ескертпе немесе авариялық сигналды барысында келесілер көрінеді:

- Символ: ескертпе ▲ немесе авариялық сигнал ⊗.
- Ақаулықтың туындау орны. Жүйе, 1-сорғы, 2-сорғы, ...
- Кіру деректерімен байланысты ақаулықтар барысында кіру сигналды көрінеді.
- Ақаулықтар, сонымен қатар жақшадағы авария коды, мысалы, «Судың жетімсіздігі себебі (214)».
- Ақаулық қашан туындады: Күні және уақыты.
- Ақаулық қашан жойылды: Күні мен уақыты.
Егер ақаулық жойылмаса, күні мен уақыты белгіленген -- ...--

Соңғы ескертпе/авариялық сигналдар терезенің жоғарғы жағында көрінеді.

11.8.4 Ақп. серв. түйіс. (3.3)




39-сур. Ақп. серв. түйіс.

Сипаты

Егер пайдалануға енгізу уақытында құрастырушының байланысты ақпараты енгізілген болса, онда сол терезеде көрінетін болады.

11.9 Баптаулар (4)




40-сур. Баптаулар

Атаулы мәзірде келесі функцияларды беруге болады:

- Негізгі контроллер
ПИ-реттегіш, Баламалы орн. мән. Орн. мәнге сырт. ықп. Негізгі датчик, Тактілі бағд. Пропорционалды қысым. S-қондырғыны құрылымдау. Орн. мән. желілік өзг.
- Сорғылармен каскадты басқару
Іске қосу /тоқтату арасындағы м.т. уақыт, Іске қосу/сағ. м.ж. сағ. Резервті сорғылар саны, Сорғыны күштеп ауыстыру, Сорғының сынақтық режимі, Сорғыны тоқтатуға тырысу, Айналым жиілігі (сорғыны қосу және сөнд.), М.т. өндірімділік, Сорғыны іске қосу кезеңінің өтемілігі.
- Қосымша функциялар
Тоқтату функциясы, Қысымды бірқалыпты арттыру, Кіру сандары, Ұқсас кірулер, Сандық кірулер, Ұқсас шығулар, Авариялық режимдегі жұмыс, Қолданушымен мейлінше төмен, мейлінше жоғары және анықталатын режимдер, Сорғы сип. деректері, Басқару көзі, Кірудегі қысымды белгілеу. Шығынды бағалау, Шект. өнд-пен жұмыс.
- Бақылау функциясы
Құрғақ айналымынан қорғау, М.т. қысым, М.ж. қысым, Сыртқы ақаулық, 1-шегінен шығу, 1-шегінен шығу, Жұмыс диапазонынан тыс жұм. нүк., Қысым түсірілімі, тіркейтін мән, Ақаулық, негізгі датчик.
- SU 352 функциясы
Тілдер терезесі, Бірліктер, Күні мен уақыты, Құпия сөз, Ethernet, GENIbus шинасының нөмірі, бағдарламал. қамт. күйі, Жұмыс тілі (ағылшын) жұмыс процестері үшін белсендіріле алады. Осы функцияларды дұрыс баптау үшін, қондырғы қосылып тұруы керек.

11.9.1 Негізгі контроллер (4.1)



41-сур. Негізгі контроллер


Сипаты

Мәзірге негізгі контроллерге арналған функцияны беруге болады. Егер орындалатын функцияларының жиынтығын, мысалы, баламалы орнатылған мәндермен, орнатылған мәндерге сыртқы ықпал көлемімен, тактілі бағдарламамен немесе пропорционалды қысыммен кеңейту қажет болатын болса, атаулы мәзірде баптауларды өзгертуге болады.

Келесі мәзірлерді таңдауға болады:

- ПИ-реттегіш
- Баламалы орн. мән.
- Орн. мәнге сыртқы ықпалы
- Негізгі датчик
- Тактілі бағдарлама
- Пропорционалды қысым
- S-қондырғыны құрылымдау.

11.9.2 ПИ-реттегіш (4.1.1)



42-сур. ПИ-реттегіш

Сипаты

Қондырғы өзіне қысымның орнатылған мәніне тұрақтылығын және сәйкестілігін қамтамасыз ететін стандартты ПИ-реттегішін қосады.

ПИ-реттегіш баптауларын су бөлісінің баяу немесе тез өзгерісіне әсер етуіне қатысты алмастыруға болады.

Тым көбірек реакция алу үшін, K_p күшейту коэффициенті арту керек, ал уақыт интеграция T_i – азаяды.

Тым баяу реакция алу үшін, K_p күшейту коэффициенті азаюы, ал интеграциялау уақыты T_i – өсуі керек.

Баптаулар диапазоны

- K_p күшейту коэффициенті: - 30-дан 30-ға дейін

Ескертпе: Кері байланыс бойынша басқару үшін, K_p кері көлеміне орнатыңыз.

- Интегралды уақыт T_i : 0.1 - 3600 секундқа дейін.

Басқару панелі арқылы баптау

- Баптаулар
- Негізгі контроллер
- ПИ-реттегіш


1. Күштеу коэффициентін (K_p) және интеграциялау уақытын (T_i) беріңіз.

Ескертпе: Ережеге сай K_p ауыстыру керек.

Зауыттық баптаулар:

- K_p : 0.5
- T_i : 1 сек.

11.9.3 Баламалы орн. мән (4.1.2.)



43-сур. Баламалы орн. мән

Сипаты

Атаулы функция негізгі орнатылған мәнге (№ 1) баламалы мәндер ретінде (№ 2-7) алтыға дейін орнатылған мәнді таңдауға мүмкіншілік береді. Негізгі орнатылған мән (№ 1) «Жұмыс» мәзірінде беріледі.

Әрбір баламалы орнатылған мән жеке сандық кіруге қолмен берілуі мүмкін (DI – digital input). Егер кіру түйісуі тұйықталған болса, баламалы орнатылған мән қолданылады.

Егер бірден артық орнатылған мән таңдалып алынған болса, олар бір уақытта белсендіріледі, CU 352 төмен нөмірімен орнатылған мәнін таңдайды.


Баптаулар диапазоны

- Алты орнатылған мәндер, № 2-7.

Зауыттық баптаулар

Баламалы орнатылған мәндері таңдалып алынбаған..

11.9.4 2-7 баламалы орн. мән (4.1.2.1 - 4.1.2.7)



44-сур. 2-7 баламалы орнатылған мәндері

Әрбір баламалы орнатылған мән үшін, орнатылған мәнді белсендіруге сәйкес сандық кіруді таңдаңыз.

Тұйықталған контур және ажыратылған контур қағидаты бойынша басқару үшін, орнатылған мәнді беруге болады.

Басқару панелі арқылы баптау

- Баптаулар > Негізгі контроллер > Баламалы орнатылған мән.


1. Баламалы орнатылған мәнін таңдаңыз.
2. Таңдаңыз: Сандық кіру баптауына өту. Сандық кіру *терезесі көрінеді* (4.3.7).
3. Кіруді таңдаңыз.
4. ↩.
5. Орнатылған мән мәзірінің жолын таңдаңыз. (тұйықталған және ажыратылған контур).
6. Орнатылған мәнін беріңіз.

Егер жүйе ажыратылған және тұйықталған контур бойынша реттелетін болса, екі орнатылған мәнді беріңіз.

Зауыттық баптаулар

Баламалы орнатылған мәндер берілмеді.

11.9.5 Орн-н мәнге сыртқы ықпал(4.1.3)



45-сур. Орн. мәнге сыртқы ықпал.

Сипаты

Атаулы функция ережеге сай, ұқсас сигналының шығын өлшегішінен немесе температура датчигінен, немесе басқа ұқсас датчигінен өлшенетін параметрлер ықпалында өзгеріп, орнатылған мәнін түзетуге мүмкіндік береді.

Мысалы, орнатылған мән айдау қысымы немесе жүйе температурасына ықпал ететін параметрлер астында түзетулер енгізіле алады. Қондырғының өндірімділігіне ықпал ететін параметрлер пайыздарда 0-ден 100 % дейін көрінеді. Олар тек пайыздарда көрінетін орнатылған мәнін 100-ге бөлінуін, тек төмендете алады, орнатылған мәніне көбейтеді:

Нақты орнатылған мән (SP) = таңдалып орнатылған мән × ықпал ету (1) × ықпал ету (2)...

Ықпал ету көлемі жеке беріле алады.

Төменгі жиілік сүзгісі (ТЖС) орнатылған мәнге ықпал ететін өлшейтін мәнің деңгейлестірілуін қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде орнатылған мән үнемі өзгеріп отырады..

Баптаулар диапазоны

- 0-100 % сигналы
- Кірудегі қысым
- Айдау қысымы
- Сыртқы қысым
- Қысым деңгей айырмасы, сырт.
- Қысым деңгей айырмасы, сорғы
- Шығын
- Бактың деңгейі, айд.
- Бактың деңгейі, сорып.
- Кері құбыр температур. сырт.
- Қысымды құб. темп.
- Кері құбырдағы темп.
- Температура деңгей айырмасы
- Қорш. орт. температурасы.
- Температура деңгей айырмасы.

Басқару панелі арқылы баптау

- Баптаулар > Негізгі контроллер > Орнатылған мәнге сыртқы ықпал > Ықпал астындағы кіру көлемі. Мүмкін болатын параметрлер тізімі көрінеді.


1. Орнатылған мәнге ықпал ететін параметрді таңдап алыңыз.
2. ↩.
3. Ықпал ету функциясын беріңіз. (11.9.6 тарауын қар.)

4. Нүктелер санын беріңіз.
5. Беріңіз: Сыртқы кіру мәні. (1-нүкте)
6. Пайыздағы мәндерін беріңіз: Дейінгі орнатылған мәнді төмендету. (1-нүкте.)
7. Қажетті параметрлер үшін 4 - 6 дейінгі барлық тармақтарын қайталаңыз.
8. ↩.
9. Секунд сияқты беріңіз. Сүзгінің түйісу уақыты.
10. Таңдаңыз: Белсендірілді.

Зауыттық баптаулар

Функция белсендірілмеген.

11.9.6 Ықпал ету функциясын баптау (4.1.3.2)



46-сур. Ықпал ету функциясын баптау

Сипаты

Орнатылған мәнге ықпал ететін және пайыздық түрде талап етілген ықпалымен өлшенетін параметр арасындағы қатынасын таңдау мүмкіндігі бар.

Қатынасын ең көбі сегіз нүктемен кестеге көлем енгізумен басқару панелі арқылы беруге болды.

Мысал:



47-сур. Орнатылған мәні мен шығынына ықпалы арасындағы қатынасы

Басқару блогы нүктелер арасында түзулер жүргізеді.

